

Күлжабаева Г.

**КӨГАЛДАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ**

Кулжабаева Г.

**СОДЕРЖАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ
ЧЕРЕЗ САДОВОДСТВО**

G. Kulzhabaeva

**THE CONTENT OF ECOLOGICAL EDUCATION OF PUPILS
THROUGH GARDENING**

УДК: 371/005-74

«Гүлстан» республикалық ғылыми-танымды, көпшілік журналын шығару арқылы гүл егу мәдениетін насихаттау жұмыстарының мазмұны.

Адамның неғұрлым білімі артып, дүниетанымы кеңейіп, көкжиекке көз сала алатын дәрежеге жеткеннен кейінгі іздейтін мәселесі өзінің шыққан тегі, өскен ортасы, мақтан ететін елі мен жер, суының табиғатының байлығы. Сондықтан қазіргі кезде жас ұрпақ тәрбиесінде олардың ел байлығын, табиғаттың ерекшелігін түсінуі арқылы өз халқының дүниежүзілік мәдени мұрадағы орны мен үлесін білуіне, әр оқушының қабілетін дамытуға басты назар аударылады.

Өзін қоршаған ортаның байлығын таусылмастай көрмей, оның да күтуді, ұқыптылықты қажет ететінін білдіру балаға ана сүтінен даритышы, отбасынан бастау алатыны белгілі болғанымен одан ары қарай да үнемі көрсетіп, үйретіп отыру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Ол тікелей экологиялық тәрбие беруге байланысты. Тәуелсіз еліміздің басты байлығы білімді азаматтары, олардың интеллектуалдық эуелеті. Ұрпақ тәрбиесінде оның жеке тұлға болып қалыптасуында өскен ортасының, табиғат эсемдігінің, ауланың талғаммен көгалдандырылуы ерекше ықпал ететін негізгі элеуметтік факторлардың бірі. Ауланы көгалдандыру әр қазақстандықтың күнделік ті дем алатын ауасы мен тамағы сияқты қажеттілігіне айналуына еңбек ету керек.

Совдықтан, мектепте оқу-тәрбие үрдісінде экологиялық білім негізін құрайтын, оқушылардың туған жеріне, табиғатқа, Отанға деген сүйіспеншіліктерін оятатын экологиялық тәрбие беру жұмыстары ұйымдастырылады.

Қазіргі таңда экологиялық білім және тәрбие беруде экологиялық үйірмелер, экологиялық соқпақ, экскурсиялар, олимпиадалар жүргізіледі.

Білім беру ұйымдары табиғат туралы ғасырлар бойы жинақталған мол тәжірибиені ғылыми түрде жүйелеу негізінде жас ұрпаққа үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беруді іске асыруда.

Осы мәселе төңірегінде жалпы тәрбиелеу қауымға арналған экологиялық тәрбие беру

жұмыстарында білім беру ұйымдарының ауласын көгалдандыру- оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру құралы болып табылады.

Білім беру ұйымдары оқушылардың жеке басының тұлғалық қалыптасуында ерекше роль атқарады. Білім беру-тұлғаның даму және өзін-өзі дамыту үрдісі, ол білім, білік, дағды, шығармашылық іс-әрекеттерде және қоршаған ортаға деген көңіл-күй құндылық қарым-қатынаста іске асырылатын адамзаттық элеуметтік маңызды тәжірибені меңгерумен байланысты.

Бала мен қоғам, қоғамның бөліктері мен жеке адамдардың арасында қалыптасқан және жұмыс істеп жатқан қарым-қатынастар сипаты тәрбиеде анықтаушы роль атқарады.

Табиғат-адамзат қоғамы өмір сүріп, дамитын орта. Оқушы өмірдің үйлесімділігін табиғаттан шығармашылыққа керек күш пен ынтаны, өзін-өзі таныту үшін түрлі жолдарды табады.

«Гүлстан» гүл алқабындағы экологиялық тәрбие беру оқушылардың өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі тәрбиелеу арқылы оның жеке тұлғасының қалыптасуы бағытында жүргізілетін жұмыс.

Бұл алқаптағы жұмыс жыл он екі ай бойы оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай, оқудан бос кездерінде ұйымдастырылады.

Өсімдіктер әлемімен таныстыру жұмысын ұйымдастыру олардың өздері білетін өсімдіктердің атын қағаз бетіне түсіруден басталады. Одан әрі нені білуі керек, деген сұраққа жауап іздейді. Неғұрлым оқушы өзінің білмейтінін анықтау арқылы өсімдіктер туралы ақпараттарды өз еркімен іздейтін болады, қызығушылық танытады.

Оқушының өсімдіктер туралы жинаған материалдарын тапсырма аяқталған соң міндетті түрде талдап, ең жақсыларын топта дауыстап оқудың мәні ерекше. Ол оқушының өсімдіктер элементіне, гүл өсіру мәдениетін үйренуге қызығушылығын арттыра отырып, оның жеке тұлғасының элеуметтену процесіне ықпалын тигізеді. Көгалдандыру жұмысына оқушыларды үйрете отырып, адамның өзін қоршаған ортамен рухаки-адамгершілік қарым-қатынасының тамыры тереңдігін сезінуге мүмкіндік тудырамыз. Оқушыларды көгалдандыру жұмысыш үйрету процесінде олардың жалпы интеллектуалдық даму деңгейіне, білім беру ұйымдарының оқу

бағдарламаларына сәйкес ғылым негіздері бойынша меңгерген білімдерін ұштай түсуіне жағдай жасалады. Мәселен, табиғат туралы қандай атакты адамдардың еңбектерін білесің, немесе тақырыпқа сәйкес бір шумақ өлең құрастыру ұсынылады.

Мысалы: Ағашты босқа кеспе,

Бұзық балаларға леспе,

Қайта оны қадірлеп,

Су құй күнде кешке». Сезімді сергітер гүлді бекер жұлма, көғады бекер таптама, т.б.

Педагогикалық, психологиялық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің арнайы зерттеулерді талдаудың нәтижесі бүгінгі күнге дейін экологиялық тәрбие жұмыстарында мектеп ауласын көгалдандыруды пайдалану арқылы оқушыларға экологиялық тәрбие беруге, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға болатыны назардан тыс қалып кедгендігін көрсетеді. Сондықтан табиғатты қорғау негізінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың бір жолы ретінде мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстарын пайдалануды қамтамасыз ететін әдістеме дайындау, педагогикадағы жалпы теориялық, жеке әдістемелік бағыттағы зерттеулерді кеңейту және тереңдету қажеттілігін қарастыру біздің зерттеу проблемамызды айқындауға, мұғалім-дерге арналған экологиялық әдістемелерді даярлауға мүмкіндік жасады.

Мұғалімдер мен ата-аналар арасында № 68 Балабақша мектеп-интернат кешені, Алматы қаласының № 173 мектеп гимназиясы, Ертөстік балабаншасы, Алматы қаласы Бостандық ауданындағы № 155 «Таңшолпан» балабақшасында «Гүлдер әлеміне саяхат» атты қалалық тәжірибелік шара, Іле Алатауы Ұлттық Табиғат қорығында, Алматы мемлекеттік табиғи қорығы Алматы облысының «Білім беру ұйымдарын көгалдандыру арқылы оқушыларға экологиялық тәрбие беруді ұйымдастыру» атты еңбектерді оқып-үйрену үшін аталған білім ұйымдарының ұжым мүшелері алдына экологиялық тәрбие беру бағдарламасы, мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал, ғылыми-әдістемелік нұсқаулар, әртүрлі көрнекі құралдар жасау қажет болды.

Осы талап-тілектерді орындау экологиялық тәрбие беру жұмыстары барысында география, биология, экология т.б. жаратылыстану пәндерін тереңдетіп оқып-үйрену үшін, жалпы орта білім беретін мектептерге лицей, гимназияларға экологиялық білім беру жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған «Оқушыларға экологиялық тәрбие беруде білім ұйымдарын көгалдандырудың алатын орны» атты мұғалімдерге, мектеп басшыларына, білім департаменттері мен мұғалімдер мен *Республикалық білім беру жүйесінің басшы және*

ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыратын институт тыңдаушыларына арналып курс бағдарламасы жасалып, соның негізінде «Гүлстан» гүл алқабында дәрістер оқылып, практикалық сабақтар өткізілді.

Гүл алқабына жылына 5 мыңнан арта келушілерге тегін экскурсия жүргізіледі. Бұл жұмыстың көгалдандыру жұмысына ықпалын арттыру мақсатында келушілердің жас ерекшеліктеріне сай Алматы қаласының 17 мектеп оқушылары алдын ала экскурсия жүргізу жұмысына дайындықтан өтті. Оқушылар экскурсия жүргізудің қырлары мен сырларын меңгерді. Гүл алқабында өсу аймағына қарай топтастырылған өсімдіктердің атын білу, оның аталуын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жаттау, күтімін, суға, топыраққа талабын, күн энергиясын қажетсінуін, отырғызу жолдарын үйретуден басталды. Өсімдіктердің табиғат байлығы, адамның азығы, дертке шипа, киім-кешек, құрылыс материалы, сая бақ болуымен қатар табиғаттың теңдігін сақтаудағы ролі туралы теориялық біліммен қаруландыруға баса назар аударылды. Гүл алқабында өсетін өсімдіктер үнемі күтімде болғандықтан өзінің табиғи тегіне қарағанда өзгеріске түсетінін көзімен көруі үшін экскурсия жүргізетін оқушыларға Іле Алатауының бөктерінде өсетін өсімдіктер әлеміне танымдық экскурсиялар жасалды. Мысалы, ауланы әсемдікке бөлеп тұрған раушан гүлінің арғы тегі итмұрынды, жабайы өсіп тұрған түймедақты, қарағай, шыршаның табиғи өсуін т.б. өз көздерімен көріп, олардың діңін, жапырақ, сабақтарының ерекшеліктерін салыстырып көреді.

«Гүдетан» республикалық ғылыми-танымдық, көпшілік журналын шығару арқылы көганілік қауым-ды гүл егу мәдениетіне үйретуді мақсат еткен ұжым мүшелері оған қосымша алқапта экскурсия жүргізуді қолға алды. «Гүлстан» гүл алқабының ұжымы бұл жұмысты алдымен өздері жасыл желекке ерекше талғаммен бөлеп отырған гүл алқабындағы өсімдік-термен таныстырудан бастады. Сөйткенмен, экологиялық тәрбие беру мәселесінің пәрменді болуы, ол туралы түсініктерді бала бойына жастайынан сіңіру келушілердің сана-сезіміне әсер еткенде жандана түсетінін байқады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Азаматына тәрбие берудің үлгісі Алматы. 2009. 76
2. Гүлстан республикалық ғылыми-танымдық, көпшілік журналының 2007-2010 жылғы сандары.
3. Құлжабаева Г.Ә. Мектеп ауласын көгалдандыру оқу-әдістемелік құрал. Алматы. 2008.

Рецензент: д.пед.н., профессор Сулайманов Р.